



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (2)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhly
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 576–590
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MРНТИ / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_576-590

ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.)

Диана Қуантайқызы Құндызбай^{1*}, Фабит Қанезұлы Кенжебаев²

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(050010 Алматы қ., Жамбыл 25, Қазақстан, Алматы қ.)

PhD докторант

<https://orcid.org/0009-0001-3966-1442>, e-mail: diana.krmu@mail.ru

*Автор-корреспондент

² Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
(050010 Алматы қ., Жамбыл 25, Қазақстан, Алматы қ.)

т.ғ.д., академик ҚР ҰҒА, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих және құқық факультетінің деканы

<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603> e-mail: kgabit62@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2026

© Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ф.Қ., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* XX ғасырдың 30-жылдарында Кеңес өкіметі жүргізген тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, ет және астық дайындау науқандары мен зорлап отырықшыландыру саясаты қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп, елді әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшыратты. Өкімшіл-әміршіл басқару жағдайында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының табиғи-тарихи ерекшеліктері ескерілмей, күштеу әдістері арқылы жүзеге асырылған реформалар жаппай ашаршылық пен босқыншылыққа алып келді. Бұл босқыншылық үдерісі Жетісу өңірінде айрықша сипат алып, халықтың бір бөлігінің Қытай аумағына қоныс аударуына себеп болды. *Мақсаты мен міндеттері.* XX ғасырдың 30-жылдарындағы Жетісу өңірінен қазақтардың Қытайға босу тарихын кеңестік әлеуметтік-экономикалық саясаттың салдары ретінде тарихи тұрғыдан талдау және оның аймақтық ерекшеліктерін айқындау. Кеңес өкіметінің тәркілеу, ұжымдастыру және отырықшыландыру саясатының мазмұны мен сипатын анықтау; Жетісу өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді талдау; ашаршылық пен қуғын-сүргіннің халықтың жаппай көші-қонына ықпалын көрсету; Жетісудан Қытайға бағытталған босқыншылықтың демографиялық және тарихи салдарын саралау міндеттері қойылды. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-демографиялық талдау, жүйелеу және қорытындылау әдістері қолданылды. Сонымен қатар кеңестік реформалардың аймақтық ерекшеліктерін ашуда кешенді талдау тәсілі пайдаланылды. Мақалада Жетісу өңіріндегі күштеп ұжымдастыру мен отырықшыландыру науқандарының жүргізілуі барысы, бай қожалықтарын тәркілеу, жалған айыптаулар арқылы шаруаларды қудалау, мал басының күрт азаюы мен ашаршылық салдары қарастырылады. 1930–1933 жылдардағы босқыншылық үдерісінің себептері мен бағыттары, Қытайдың Іле, аймақтарына ауа көшкен қазақтардың тағдыры тарихи тұрғыдан сараланады. *Нәтижелері.* Қазақ халқының қасіретті кезеңінің аймақтық қырларын терең түсінуге және тарихи ақтаңдақтарды толықтыруға мүмкіндік береді. *Қорытынды.* XX ғасырдың 30-жылдарындағы Кеңес

өкіметінің жүргізген тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және зорлап отырықшыландыру саясаты Жетісу өңіріндегі қазақ халқының өміріне ауыр әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдар тигізді. Бұл саяси қысым халықтың жаппай босқындыққа ұшырауына, көптеген отбасының аштық пен қудалаудан қырылуына әкелді. Зерттеу нәтижелері тарихи ақтандақтарды ашуға, Жетісу өңіріндегі оқиғалардың аймақтық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: социализм, әкімшіл-әміршіл жүйе, тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, Жетісу, босқыншылық, Қытайға көшу, ашаршылық, әлеуметтік-демографиялық үдерістер, қуғын-сүргін, шекаралық аймақ, геноцид.

Дәйексөз үшін: Құндызбай Д.К., Кенжебаев Ғ.К. Қазақтардың Жетісу өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 2. 576–590-бб. [қаз.] DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_576-590

ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ ЖЕТЫСУСКОГО РЕГИОНА В КИТАЙ (30-е гг. XX в.)

Диана Куантаевна Құндызбай¹, Габит Капезович Кенжебаев²

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
(050010 Алматы, д. 25, ул. Жамбула, Республика Казахстан)

PhD докторант

<https://orcid.org/0009-0001-3966-1442> e-mail: diana.krmu@mail.ru

*Автор-корреспондент

² КазНПУ имени Абая (д. 25, ул. Жамбула, 050010 Алматы, Республика Казахстан)
д.и.н., Академик НАН РК, декан факультета истории и права

<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603> e-mail: kgabit62@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Құндызбай Д.К., Кенжебаев Ғ.К., 2026

Аннотация. *Введение.* В 1930-е годы политика Советской власти по конфискации имущества, насильственной коллективизации, кампаниям по заготовке мяса и зерна, а также принудительной оседлости привела к разрушению традиционной хозяйственной системы казахского народа и вызвала глубокий социально-экономический кризис. В условиях административно-командной системы природно-исторические особенности кочевого и полукочевого скотоводства не учитывались, что обусловило применение жёстких и насильственных методов преобразований. Реализация данных реформ повлекла за собой массовый голод, откочевка и демографическую катастрофу. В Жетысуском регионе данный процесс приобрёл особую остроту, что стало причиной переселения части казахского населения на территорию Китая. *Цель исследования.* Провести исторический анализ откочевки казахов из Жетысуского региона в Китай в 1930-е годы как следствия советской социально-экономической политики и определить его региональные особенности. *Задачи исследования.* Определить содержание и характер политики конфискации, коллективизации и принудительной оседлости, проводимой Советской властью; Проанализировать социально-экономические изменения в Жетысуском регионе; Выявить влияние голода и репрессивной политики на массовые миграционные процессы; Рассмотреть демографические и исторические последствия откочевки казахского населения из Жетысу в Китай. *Методология исследования.* В ходе исследования использованы историко-сравнительный и историко-демографический методы анализа, а также методы систематизации и обобщения. При выявлении региональных особенностей проведения советских реформ применялся комплексный подход, позволивший рассмотреть изучаемые процессы во взаимосвязи социально-экономических, политических и демографических факторов. *Основные положения и результаты исследования.* В статье раскрывается ход проведения кампаний по насильственной коллективизации и принудительной оседлости в Жетысуском регионе, анализируются процессы конфискации хозяйств баев, преследование крестьян по ложным обвинениям, резкое сокращение поголовья скота и тяжёлые последствия голода. Рассматриваются причины и направления беженства 1930–1933 годов, а также историческая судьба казахов, переселившихся в Илийский регион Китая. Установлено, что разрушение традиционной

хозяйственной системы, административное давление и репрессивные меры стали ключевыми факторами массового исхода населения. Принудительная откочевка приобрело организованный и стихийный характер, охватив значительную часть приграничных районов Жетысу. Исследование позволяет глубже осмыслить региональные аспекты трагических событий 1930-х годов и способствует восполнению существующих пробелов в отечественной историографии. *Заключение.* Политика конфискации, насильственной коллективизации и принудительной оседлости, проводимая Советской властью в 1930-е годы, привела к тяжёлым социально-экономическим и демографическим последствиям для казахского населения Жетысуского региона. Политическое давление, разрушение традиционного уклада жизни и хозяйствования стали причиной массовой откочевки, гибели множества семей от голода и репрессий. Полученные результаты позволяют уточнить региональные особенности исторических процессов в Жетысу и способствуют более объективному осмыслению трагических страниц истории казахского народа.

Ключевые слова: социализм, административно-командная система, конфискация, насильственная коллективизация, принудительная оседлость, Жетысу, откочевка, переселение в Китай, голод, социально-демографические процессы, репрессии, приграничный регион, геноцид.

Для цитирования: Кундызбай Д.К., Кенжебаев Г.К. Откочевка казахов из Жетысуского региона в Китай (30 гг. XXв.) // Отан тарихы. 2026 Т. 29. № 2. С. 576–590. [на каз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_576-590

THE REFUGEES OF KAZAKHS FROM THE ZHETYSU REGION TO CHINA (1930s)

D.K. Kundyzbay¹, G.K. Kenzhebaev²

¹ Abai Kazakh National University, (050010 Almaty, Zhambyl 25, Kazakhstan)

PhD doctoral student

<https://orcid.org/0009-0001-3966-1442> e-mail: diana.krmu@mail.ru

*Corresponding author

² Abai Kazakh National Pedagogical University

(25, Dzhambula Shevchenko str., 050010 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Doctor of Historical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Dean of the Faculty of History and Law

<https://orcid.org/0000-0001-5341-5603> e-mail: kgabit62@mail.ru

© Valichanov IHE, 2026

© Kundyzbay D.K., Kenzhebaev G.K., 2026

Abstract. Introduction. In the 1930s, the policy of the Soviet government comprising property confiscation, forced collectivization, meat and grain procurement campaigns, and enforced sedentarization – led to the destruction of the traditional economic system of the Kazakh people and triggered a profound socio-economic crisis. Under the administrative-command system, the natural and historical features of nomadic and semi-nomadic pastoralism were disregarded, which resulted in the implementation of harsh and coercive reform measures. The implementation of these policies caused mass famine, forced migration (otkochevka), and a demographic catastrophe. In the Zhetysu region, this process acquired particular intensity, prompting part of the Kazakh population to migrate to the territory of China. *Research Objectives.* The objectives of this study are to elucidate the content and underlying characteristics of Soviet policies of confiscation, collectivization, and enforced sedentarization; to examine the socio-economic transformations that occurred in the Zhetysu region during the period under study; to evaluate the impact of famine and state repressive measures on large-scale population displacement; and to analyze the demographic and historical consequences of the cross-border migration of the Kazakh population from Zhetysu to China. *Methodology.* The study employs historical-comparative and historical-demographic methods of analysis, as well as methods of systematization and generalization. A comprehensive approach was applied to identify the regional features of Soviet reforms, enabling the processes under study to be examined in the interconnection of socio-economic, political, and demographic factors. *Main Findings and Results.* The article examines the course of forced collectivization and sedentarization campaigns in the Zhetysu region, analyzes the

confiscation of bai households, the persecution of peasants based on fabricated charges, the sharp decline in livestock numbers, and the severe consequences of famine. It also considers the causes and directions of the 1930–1933 refugee movement, as well as the historical fate of Kazakhs who resettled in the Ili region of China. It is established that the destruction of the traditional economic system, administrative pressure, and repressive measures became key factors in the mass exodus of the population. Forced migration assumed both organized and spontaneous forms, affecting a significant part of the border districts of Zhetysu. The study contributes to a deeper understanding of the regional dimensions of the tragic events of the 1930s and helps to fill existing gaps in national historiography. *Conclusion.* The policies of confiscation, forced collectivization, and enforced sedentarization carried out by the Soviet government in the 1930s resulted in severe socio-economic and demographic consequences for the Kazakh population of the Zhetysu region. Political pressure and the destruction of the traditional way of life and economic system caused mass forced migration and the deaths of numerous families due to famine and repression. The findings clarify the regional characteristics of historical processes in Zhetysu and contribute to a more objective understanding of the tragic pages in the history of the Kazakh people.

Keywords: socialism, administrative-command system, confiscation, forced collectivization, forced sedentarization, Zhetysu, forced migration, migration to China, famine, socio-demographic processes, repression, border region, genocide.

For citation: Kundyzbay D.K., Kenzhebeyev G.K. The refugees of kazakhs from the Zhetysu region to China (1930s) // Otan tarikhy. 2026 Vol. 29. No 2. Pp. 576–590. [in Kaz.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_2_576-590

Кіріспе. Орталық биліктің әкімшілік-күштеу шаралары салдарынан жасанды ашаршылық туындап, қазақ халқы ауыр демографиялық апатқа душар болды. Ашаршылық жылдарында қазақ халқының шамамен жартысына жуығы қырылып, бір бөлігі тарихи мекендерін тастап, шетелдерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Аштықтан аман қалған халықтың едәуір бөлігі жан сауғалап, республикадан тыс аймақтарға көшті. Зерттеу деректері бойынша, шамамен 1 миллионнан астам адам Қазақстаннан тыс жерлерге қоныс аударса, олардың бір бөлігі кейін елге қайтып оралған. Сонымен қатар босқындардың шамамен 200 мыңға жуығы Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркия аумақтарына өтіп, шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз қалады. [Қозыбаев М., 1992: 82]. XX ғасырдың 30-жылдарында Жетісу өңірінен Қытайға халықтың қоныс аударуы мәселесі Қазақстан тарихының күрделі әрі толық зерттелмеген бағыттарының бірі болып табылады. Бұл кезең кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық реформаларымен, күштеп ұжымдастыру, тәркілеу науқандары және жаппай ашаршылық салдарларымен тығыз байланысты. Аталған саяси-әлеуметтік өзгерістер қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп, халықтың жаппай босқыншылыққа ұшырауына әкелді. Сондықтан Жетісу аймағынан Қытайға бағытталған көші-қон үдерісін зерттеу кеңестік саясаттың қазақ қоғамына тигізген зардаптарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мәселенің өзектілігі демографиялық өзгерістерді зерделеумен де айқындалады. XX ғасырдың 30-жылдарындағы босқыншылық қазақ халқы санының күрт азаюына, тарихи қоныстардың бос қалуына және халықтың этникалық орналасу құрылымының өзгеруіне ықпал етті. Сонымен қатар, Жетісу өңірінен көшкен қазақтардың Қытай жерінде орнығуы қазақ диаспорасының қалыптасу тарихымен тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу шетелдегі қазақтардың этномәдени болмысын, ұлттық дәстүрлер мен тілдің сақталу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қазіргі жаһандану жағдайында көші-қон үдерістерін тарихи тұрғыдан зерделеу ерекше маңызға ие. Өткен ғасырдағы босқыншылық тарихын зерттеу бүгінгі миграциялық процестердің себеп-салдарын түсіндіруге, тарихи сабақтастықты анықтауға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстан жағдайында шетелдегі қазақ диаспорасының тарихи тағдырын зерттеу ұлттық тарихи сананы қалыптастыру мен рухани құндылықтарды сақтау ісінде маңызды орын алады. Осыған байланысты XX ғасырдың 30-жылдарындағы Жетісу өңірінен Қытайға халықтың қоныс аудару тарихын жан-жақты ғылыми тұрғыдан зерттеу отандық тарих ғылымының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. XX ғасырдың 30-жылдарында Жетісу өңірінен Қытайға халықтың қоныс аударуы Қазақстан тарихындағы күрделі әлеуметтік-демографиялық құбылыстардың бірі болды. Бұл көші-қон үдерісі Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру, тәркілеу саясаты және 1932–1933 жылдардағы ашаршылықпен тікелей байланысты қалыптасты. Кеңестік биліктің әкімшілік-күштеу шаралары қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығына негізделген өмір салтын күйретіп, халықты ауыр әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшыратты. Жетісу өңірі

географиялық орналасуы жағынан Қытаймен шекаралас болғандықтан, бұл аймақ босқыншылық қозғалысының негізгі бағыттарының біріне айналды. Кеңестік биліктің саясатына төтеп бере алмаған қазақ шаруалары мал-мүлкінен айырылып, аштық пен қуғын-сүргіннен құтылу мақсатында Қытай аумағына өтуге мәжбүр болды. Алғашында көші-қон жеке отбасылар деңгейінде жүзеге асқанымен, 1930 жылдардың басында жаппай сипатқа ие болды. Қытай жеріне өткен қазақтар жаңа әлеуметтік ортаға бейімделудің күрделі кезеңін бастан өткерді. Олар бөтен мемлекет аумағында өмір сүрсе де, ұлттық салт-дәстүрін, тілін және мәдени құндылықтарын сақтауға ұмтылды. Осы тарихи үдеріс шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз болды. Жетісу өңірінен Қытайға қоныс аудару қазақ халқының демографиялық құрылымына, әлеуметтік дамуына және этномәдени бірегейлігінің сақталуына елеулі әсер етті. Сондықтан бұл мәселені жан-жақты зерттеу өткен тарихи тәжірибені бағалауға, көші-қон үдерістерінің себеп-салдарын анықтауға және ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері. Қазақ қоғамындағы осы босқыншылық құбылысы шетелдік зерттеушілердің де назарын аударды. Американдық ғалым Роберт Конквест өзінің «Қайғылы қырман» («The Harvest of Sorrow») еңбегінде кеңестік саясат салдарынан туындаған ашаршылықпен бірге қазақ халқының босқыншылыққа ұшырауын «қазақ трагедиясы» ретінде бағалайды. Ғалым халықтың өмір сүру жағдайының күрт нашарлауы қазақтардың туған жерін тастап, шетелдерге жаппай көшуіне алып келгенін атап көрсетеді. Осылайша, XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы босқыншылық қазақ халқының демографиялық және әлеуметтік дамуына зор әсер етіп, шетелдердегі қазақ диаспорасының қалыптасуына негіз болды. Бұл тарихи үдеріс қазақ халқының басынан өткен ең ауыр көші-қон құбылыстарының бірі ретінде бағаланады [Есмағамбетов, 1994: 35]. «Ақтабан шұбырындымен» салыстырғанда қызыл нәубет адам шығыны жағынан 2,2 есе асып түскен. Жан сауғалап Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Иран, Түрік асты. Міне қазір 3 миллионға жететін шет ел қазақтарының тең жартысы сол бір «қызыл шұбырынды» құрбандарының ұрпағы [Қинаятұлы, 1995: 228]. 1992 жылы Ә. Арғынбаевтың «Қазақ диаспорасы тарихы мен мәселелері» [Арғынбаев, 1992], 1995 жылы Х. Алтайдың «Анадолыға дейін» [Алтай, 1995] және 1997 жылы Г.М. Мендіқұлованың «Исторические судьбы казахской диаспоры» [Мендикулова, 1999] атты еңбектер шетелдегі қазақ ұлтының тағдыры әлеуметтік мәдени бейімделуі және басынан өткен тағдырлары суреттелген. Сонымен қатар шетелдік зерттеушілер Сара Камеронның еңбегінде аштық тарихи жан – жақты талданған [Камерон, 2018]. Мақаланы жазу барысында кейінгі кезеңдерде жарық көрген еңбектер қатарынан С. Смағұлованың 1931–1933 зұлмат жылдар зардабына қатысты еңбегі басшылыққа алынды [Смағұлова, 2024].

XX ғасырдың 30-жылдарында Жетісу өңірінен Қытайға халықтың қоныс аударуына қатысты ғылыми еңбектерде берілген тұжырымдар, талдаулар, салыстырмалы зерттеулер мен деректік материалдар осы тарихи үдерістің салдарын жан-жақты түсіндіруге мүмкіндік береді. Аталған зерттеулерде Жетісу өңірінен Қытай аумағына өткен қазақтардың жаңа ортаға бейімделу ерекшеліктері, олардың тұрмыс-тіршілігі, ұлттық салт-дәстүрлерін сақтау мәселелері, тілдік ерекшеліктері мен әлеуметтік өміріндегі өзгерістер кеңінен қарастырылады. Бұл ғылыми тұжырымдар Жетісудан Қытайға бағытталған көші-қон үдерісінің тек демографиялық өзгерістермен ғана шектелмей, қазақ халқының мәдени және рухани болмысына да елеулі ықпал еткенін көрсетеді.

1993 жылы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңын іске асыруда Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары көп жұмыс атқарды. 1995 жылы ақпанда «Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және саяси қуғын-сүргін» құрбандарына арналып көптеген оқулықтар жарыққа шықты. 1996 жылы жеке «Әділет» қоғамы тақырыбында дөңгелек үстелдер, семинарлар, конференциялар өтті.

Бүгінгі таңда тарихи білімнің дамуы тек ел ішінде ғана емес, шетелдегі қазақ диаспорасының тағдырын зерттеумен де тікелей байланысты. Шетелдегі қандастарымыз өз мәдениетін дамытып, ұлттық дәстүрлерін сақтап қалу арқылы болашақ ұрпаққа маңызды тарихи және рухани сабақ қалдырады. Бұл үрдіс ұлттық құндылықтардың жоғалып кетпеуіне, қазақ мәдениеті мен этномәдени бірегейлігінің сақталуына тікелей әсер етеді.

Шетелдегі қазақтардың демографиялық жағдайы, олардың туған жерін тастап, босқынға айналуына мәжбүр болғаны, сондай-ақ әртүрлі тарихи қиындықтарды басынан кешіргені – зерттеуге лайық тарихи тақырып. Елдегі саяси және әлеуметтік жағдайдың салдарынан қазақтар Жетісу өңірінен Қытайға, сондай-ақ басқа көршілес мемлекеттер мен шет аймақтарға қоныс аударуға мәжбүр болды. Осы тарихи үдерістерді зерделеген ғалымдар шетелдегі қазақтардың тағдыры мен олардың

өмірлік жағдайларын, мәдени бейімделу ерекшеліктерін, ұлттық дәстүрлерді сақтап қалу механизмдерін жан-жақты сипаттады. Осы тақырыпқа қалам тартқан еңбектердің ішінде ерекше назар аударатындар мыналар: 2000 жылы жарық көрген С. Жақсылықтың «Қытайдағы қазақтар» еңбегі қазақ диаспорасының Қытай аумағындағы тарихи және әлеуметтік дамуын жан-жақты талдайды, босқындық үдерістердің халыққа тигізген әсерін көрсетеді.

Н. Мұхаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы» атты зерттеуінде шетелдегі қазақтардың қоғамдық құрылымы, олардың мәдени өмірі, дәстүрлерді сақтаудағы тәжірибесі мен тарихи тағдырлары терең қарастырылған. Д. Махаттың «Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы» еңбегі қазақ халқының 20–30-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық күйзелістері, ұжымдастыру және ашаршылық саясаты салдарынан орын алған жаппай көші-қон мен босқыншылық құбылыстарын ғылыми тұрғыдан талдайды. Осы ғалымдардың еңбектері шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасу ерекшеліктерін, олардың тарихи тағдырларын, мәдени және этномәдени бейімделу үдерістерін толық әрі дәйекті түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Олар тарихи деректерді талдау арқылы босқын қазақтардың қазіргі этномәдени болмысының түп негізін айқындайды және зерттеу жұмысының ғылыми негізділігін күшейтеді. [Махат, 2006] және «Қазақ зиялыларының қасіреті» атты еңбектері осы зерттеу жұмысымыздың бөлімдеріне негізгі мәліметтер беріп, тереңірек көрсетеді. А.Б. Тұрсынбаевтың «Коллективизация сельского хозяйства в Казахстане» [Тұрсынбаев, 1957] және Т. Омарбеков «1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері» [Омарбеков, 2018] сияқты еңбектері көптеген жағдаяттарды ашуға септігін тигізеді.

Демографиялық мәліметтер көші-қон көлемін, халық санының өзгеру динамикасын және Қытай аумағында қоныстанған қазақтардың орналасу аймақтарын нақтылауға жағдай жасайды. Сонымен қатар, әлеуметтік сауалнамалар мен информаторлардан алынған мәліметтер Жетісудан көшкен қазақтардың өмір сүру жағдайы, әлеуметтік бейімделу ерекшеліктері және ұрпақтар сабақтастығы туралы құнды деректер береді. Осы дереккөздердің кешенді түрде қолданылуы зерттеу жұмысының ғылыми негізділігін арттырып, оның дәйектілігі мен сапалылығын қамтамасыз етеді. Мұндай жан-жақты зерттеу ХХ ғасырдың 30-жылдарында Жетісу өңірінен Қытайға халықтың қоныс аудару тарихын объективті бағалауға және шетелдегі қазақ диаспорасының қалыптасу ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Әдістері. Зерттеу барысында объективтілік, жүйелілік, талдау, салыстырмалы-тарихи және ғылымаралық салыстыру әдістері қолданылды. Тақырыпқа қатысты тарихи, этнологиялық, философиялық еңбектерге талдау жасалып, тұжырымдардың шынайылығы архив құжаттары негізінде тексерілді. Жұмыс тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде орындалды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – ХХ ғасырдың 30-жылдарында Жетісу өңірінен Қытайға халықтың қоныс аудару себептері мен салдарын кешенді түрде талдау, Қытай жеріне өткен қазақтардың тарихи тағдырын анықтау және олардың этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасу жолдарын ғылыми тұрғыдан зерделеу болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу жұмысының ғылыми және қоғамдық маңызы айқындалады. Себебі Жетісу өңірінен Қытайға босқыншылық тарихын зерттеу ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға, шетелдегі қазақ диаспорасының мәдени мұрасын тануға және көші-қон үдерістерінің тарихи сабақтастығын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау. ХХ ғасырдың 1930 жылдары Жетісу өңірінен қазақтардың Қытайға жаппай босуы кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру, кәмпескелеу және отырықшыландыру саясатының тікелей салдары екендігі анықталды. Зерттеу барысында мұрағат құжаттары, статистикалық мәліметтер мен естеліктер негізінде босқыншылықтың негізгі себептері ретінде: мал-мүлікті тәркілеу және дәстүрлі шаруашылықтың күйреуі; күштеп ұжымдастыру науқаны; 1931–1933 жж. ашаршылық; әкімшілік қысым мен саяси қуғын-сүргін әрекеттері көрсетілді. Жетісу – шекаралық аймақ болғандықтан, халықтың бір бөлігі аман қалу мақсатында Қытайдың Шыңжаң өлкесіне өтуге мәжбүр болды. Архив деректері босқындардың жол-жөнекей аштықтан, аурудан, қарулы қақтығыстардан көп шығынға ұшырағанын дәлелдейді. Қытайға өткен қазақтар бастапқы кезеңде әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ауыр жағдайда өмір сүргенімен, уақыт өте келе жергілікті ортаға бейімделіп, этникалық тұтастығын сақтауға ұмтылған.

Сонымен ХХ ғасырдың басында Жетісу облысынан қазақтар Қытайға көшуді бастады. Көшу кезі шілдеден басталып, қыркүйек айында қарқынмен жүрген. Қашқарға бет алып көшу кезінде ерте түскен суықтан тау баурайларында жайылым болмағандықтан малдары қырлып кедей болып барған. Ал Текеске бағыт алған қазақтардың екінші бөлігі мал шығынына ұшыраса да, кейбір мал бастары аман қалды. Осы ғасырдың басында қазақтар алғашқы көшкін кезінде жүз елу мыңға дейін көшкен.

Ал басқада зерттеушілер деректеріне қарағанда Қытай асып Ауғанстаннан Пәкістанға да жеткен дейді. Қырғызстан өлкесіндегі қазақтар жазаланып олардың артынан қуғын түскендіктен оларда сол жақтан үш жүз қазақ Құлжамен Қашқарға өткен. Қазақ босқындарының саны Шекарадағы Синьцзянның губернаторы Ян Цзэнсиньнің әскерінен де көп болып кетті. Орыс тараптарынан әскерінен орыс үкіметі жазалау жүргізбекші болды. Бірақ Қытай тарапы оған рұқсат бермеді [Жаманбаева, 2011: 45]. Рысбек Үркімбаев деген азамат еске алып былай деген екен. Біз әдетте Қазақ деген егін салуды, аң-құс, балық аулауды білмеген, сол себепті аң-құстың ортасында отырып қырылып қалған дейміз. Ашаршылық фильмінен жаңа дерек көрдім. Сөйтсе, Мәскеу қаулы шығарып, аң-құс атуға, балық аулауға қатаң тыйым салған екен ғой. Ораз Исаев В. Куйбышевке «Қазақтарға аң аулауға, құс атуға, балық аулауға рұқсат беріңіз» деп хат жазғанда, Куйбышев оған «Ешқандай рұқсат жоқ, бір құс немесе аң атқан адам сотталады» деп жауап берген дейді [Ашаршылық құрбандары, 2025].

Қабиден Қуанышбай деген ақсақал өзінің әжесінен естіген ақпаратын бізге беруге тырысты. Орынтай деген әжесі Балқаш аймағында өтіп Талдықорғанға келе жатқанда қыс кезінде көлдің беті қатқан мұз деп естіген соң, тәуекелге бел буып, көрпе-жастық, тең-текеметтерін артқан арбаның доңғалағын шығарып алып, шана жасап, Балқаштың ортасымен бір-ақ тартыпты. Көлге жеткенше маңайдағы ауылдармен жүргенде, жай өтпепті, адамдардың сүйектерінің үстімен өтіпті. Тіпті бір ауыл түгелімен қырылып қалғанын көргенін күйзеле айтып берген дейді [Сәмтіұлы, 1995: 47–48]. Ғалымдар, зерттеушілер мен демографтардың келтірген деректеріне сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: шетелге босып кеткен халық жол-жөнекей түрлі ауыр жағдайларға ұшырап, көпшілігі қаза тапты. Ал ел ішінде қалған жұрт та аштық пен ауыртпалықтың салдарынан – жас балалар, орта жастағылар және қарттар болып, жаппай шығынға ұшырады.

Тағы бір мәліметтерде босқыншылықтың тарихи үрдісі күрделі, қиын, әртүрлі негізде жүргендігін дәлелдейді. Атап айтқанда 1930 жылы 11 сәуірде әскери отряд Б. Қылиев пен М. Дулатовтың басшылығымен Ақжал құмы мен Керейқұмда жасырынып жүрген 500 көтерілісшіге қарсы жазалау операциясын бастады. Көтерілісшілер шекара аймағына қашып, ұсталды. Жетісудың шекаралық аудандарында Қытайға көшіп кетумен жалғасқан шаруалар қарсылығы ұзақ уақытқа дейін созылды. Сейтбаттал Түгелбаев пен Шоқан Елеусіззов басқарған көтерілісшілер тобы Қапалды тастап шегінген бойда Қытай шекарасына беттеді. Орта жолда оларға сол Қапал төңірегіндегі Баласаз, Ащыбұлақ, Бүйен және басқа ауылдардың тұрғындары қосылды. Осы уақытта жол үстінде Сарытаудың қар көшкіні болып сәл тоқтап аялдап тұрған кезде, оларды әскери отряд қуып келіп, жеті сағатқа созылған ұрыс болады. Олар 68 мың адамынан айырылады [Жаманбаева, 2011: 44–45].

Қазақтардың Қытайға қашуы жаппай ұжымдастырудың қатал да қатігез саясатына байланысты 1929–1931 жж. өте кең өріс алды. Әсіресе, Қытаймен шекаралық Қазақстанның Алматы облысының аудандарынан Алакөл, Лепсі, Қапал, Ақсу Жаркент, Кеген тұрғындарының жартысы Қытай асып кеткен. 1931 жылы аталған шекара аймақтарда 505 мың адам тіршілік етсе, қазақтар 338 мың адам болған. Қытай асушылар тек қана қазақтар емес [Қойгелдиев, 1997: 151–53]. Алматы облысы Қытай шекарасымен жақын орналасып шектесіп жатқандықтан, осы өңірдің сол кездегі қазақтары Қытайға көптеп кеткен. Кейінгі кезде елге оралып келіп жатқан отандастардан ақпарат алу кезінде олардың көбісі Қытайдан ауып келгендер болып шыққан. Орташа өмір сүретін қазақтардың басым көпшілігі елге оралуда. Деректер мен ақпараттарға сүйенетін болсақ шетелге кеткен босқындар ХХ ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдары Қытайға Жетісудің шекаралас аудандарының тұрғындары, мәселен: Кеген, Нарынқол, Ақсу, Қапал, Алакөл, Сарқан елді мекендері.

Сонымен 1928–1932 жж. күштеп ұжымдастыру науқанын жүргізу Қазақстан үшін ХХ ғасырдағы ең қасіретті оқиғалардың біріне айналды, ол өзінің мәні бойынша қазақ халқына қарсы зұлмат болып табылып, қанға сіңген әлеуметтік-мәдени дәстүрлер мен қалыптасқан шаруашылық жүйені қиратты, сонымен қатар, экологиялық, экономикалық және технологиялық тұрғыда анағұрлым қолайлы, келешегі бар үлгімен ауыстырылмады. Бұл үрдіс Қазақстанда орасан зор адам шығындарына ұласты, соның зардабы қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларында осы уақытқа дейін сезіліп келеді.

Еліміздің өтпелі кезеңінде туындаған кәмпескелеу, қудалау әлеуметтік-экономикалық дағдарыстарға байланысты халық арасында психикалық күйзелістер негізінде етек алды. Ғалымдар Мәмбет Қойгелдиев және Талас Омарбеков сол уақыттағы жағдайларды өз еңбегінде былай суреттейді. 1928 жылғы байларды кәмпескелеу уақытысында байлардың көзін жою ашық түрде жүргізілуі ел арасында ашық үрей туғызды дейді және шалақ белсенділердің арасында Қытайға тек

байлар ғана емес аштықтан жоқшылықтан қашқан кедейлердің көшуін растайды. Ғалым Алматы аймағының Алакөл ауданынан Қытайға 50 мың адам өткендігін айтады. Бүйен, Ақсу аймақтарының байлары көшкенде отрядтарға бірігіп Ақдала мекеніне өтіп кеткен. 1929 жылы Алакөл ауданының Шарбақты ауылынан 70 мың адам өткен. Шекарашылар отряды тыныш жатқан ауылға тұтқиылдан келіп қоқан лоқы және күш көрсетіп, оқ жаудырып тыныштықтарын бұзып отырған. Ауылдың беделді өткір тілді ақсақалдарын елді қорқытып ұстау үшін көздерінше атып тастап отырған. Ауыл үлкендерін атып қана қоймай киіз үйлерді өртеп, малдарын тартып алып, күш көрсетіп отырған. 1931 жылы Алматы және Семейден 2630 қожалық көшіп үлгерген. Осы қозғалыс босқындар жайлы ғалым өз еңбегінде төмендегідей сандық мәліметті кесте түрінде береді.

Кесте 1. Қытайға кеткендердің саны (1931 жыл) [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993: 157–159]

| | Қытайға кеткендер | Ұсталған дар | КСРО-ға ерікті түрде оралған қоныс аударушылар | Қытай тарапынан қайта қайтарылғандар саны |
|-------------|-------------------|--------------|--|---|
| Қожалықтар | 3,603 | 710 | 372 | 357 |
| Халық саны | 8,847 | 2,386 | 1,057 | 1,405 |
| Ірі мал | 11,921 | 9,311 | 1,026 | 3,407 |
| Ұсақ малдар | 19,803 | 3,920 | 1,664 | 4,314 |

Кесте 2. 1929 жылы ҚазССР шекаралас аудандарынан Қытайға қоныс аударғандар [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993: 157–159]

| | Шаруашылықтар саны | Адам басының саны |
|--------------------------|--------------------|-------------------|
| Ірі байлар | 123 | 739 |
| Орташа халық | 128 | 474 |
| Төменгі күн көрістегілер | 165 | 632 |

Кеңес өкіметі шекарадан өткен барлық босқындарды («ауа көшушілерді») «бандалық құрылымдар» деп санады. ОГПУ анықтамасына сәйкес, оларға ашық қарулы көтерілісшілер, алыс аудандарға көшіп, мемлекеттік тапсырмаларды орындамай, төменгі партия қызметкерлерін және белсенділерді ұрып-соғу әрекеттеріне қатысқандар, сондай-ақ Батыс Қытай шекаралық аймақтарына өткен қарулы топтар кірді. Шекаралық территориядағы «бандалық бас көтерулер» немесе «ауа көшушілерді» басқарған топтар көпұлтты сипатқа ие болды. Шыңғыстау комендатурасының кейбір учаскелерінде арнайы топтар құрылды, оның ішінде: Бучинский–Лебедев тобы – бұрынғы офицерлердің жетекшілігімен, көмекшілері: Пучков, Лебедев, Назаров, Рожков, Полковников. Жергілікті көпұлтты топтар – шекаралық аймақтарда жергілікті ұйғырлар, тараншы, қалмақтар қазақтармен бірігіп әрекет етті. Мысалы, Амраев Авахри, Жаркент ауданының ұйғыр тұрғыны, Қытайдағы Қорғас маңындағы Мазар селосында ұйғыр ауа көшулерін ұйымдастырды, ал оны басқарған ірі көпес – Әжи Ақсақалов, Жаркенттің бұрынғы тұрғыны (1918 жылы Қытайға өткен). Сонымен қатар, тарихшы Талас Омарбеков ұсынған шекаралық «бандылардың» тізімінде мына қазақ жетекшілері аталған: Тойкин Ақшайық, Мақажанов Мамырбек, Ықыласов Қасыл (Семей), Мәметаев Өсботай, Ақтамбердинов Дулат (Зайсан), Ахметжанов Мұхан, Алхаиов Омар, Шалов Тұрқатай, Бекжанов Райымхан, Райымханов Көкебай, Сибенов Сами, Самиев Акман, Айтахметов Әшімхан, Қонысбаев Хасен (Зайсан), Арықшанов Еске, Арықшанова Капыш, Елшібаев Нұрпейіс, Тілеубаева Асылқа (Зайсан), Шүмкүнов Оразбек, Жақиянов Оқас, Абылқас, Қосаев Шоқай, Ибраев Жұмағұл, Ташпанов Б., Садықов Ниязбек, Әкешов Сүлеймен, Дүлиев Сәду, Қоянбаев, Қоғамбаев Жақыпбек, Нөкерев Түймебай, Тәшенов Сүлеймен, Көшекбаев Байқоныс (Тарбағай), Жолдыбаев Исламғали, Жолдыбаев Қажыкерей (Зайсан), Ақболатов Мұхамеджан, Дәулетбаев Жапар, Жақсылықов Нұрмұқаш, Исабеков Қоқай (Жарма), Ережепов Әбдікәрім, Темірғалиев Халық, Тұрбаев Ислам, Нұрлыбаев Амансары, Жұмабаев Рахым (Күршім). Осы көпұлтты топтар қазақ босқындарының Қытайға өтуін ұйымдастырып, көшпелі халықты бастап өткізді. Тізім толық емес, зерттеушілер жаңа архив деректері бойынша оны толықтыра береді [Қазақстандағы XX ғасырдың..., 2021: 15].

Қазақ босқындарының шекаралық қозғалысы және «ауа көшу» феномені ХХ ғасырдың 20–30-жылдарында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға тікелей байланысты болды. Кеңес өкіметінің ұжымдастыру, мал жинау, кулактар мен байларды жою сияқты саясаты қазақ қоғамының дәстүрлі патриархалды құрылымына, отбасылық және құқықтық дәстүрлеріне қарсы келді. Нәтижесінде, қазақ халқы өз малын сақтап қалу және тіршілігін жалғастыру мақсатында шекараға қарай көшуге мәжбүр болды. Ғалым Талас Омарбеков «Зобалаң» атты еңбегінде 1929 жылы Талдықорған өңірінің Шұбар ауылында Кеңес өкіметінің зорлық зомбылық көрсетіп халықтың бар ызасын келтіргендіктен көтеріліс қарсылықты толығымен шынайы деректермен келтіріп жазып береді. Осы еңбекке қарап отырып біз өз жұмысымыздың мәселесін сол 1929 жылы басталған шаруалар көтерілісінің өзі де қазақтардың босып кетуіне әсері болды десек артық айтпаймыз. Себебі бұл мәселені ашуда жоғарыдағы ғалымның мәліметтеріндегі жағдаяттар дәлел болады. Мысалы, жоқшылықтан болған көтеріліс Шұбар, № 3 ауыл, Сталинское, Томское ауылдарда көтерілген. Осы ауылдардың №3ауыл тұрғындары колхоздарының төрағасы Еренов Садықты ұрып тастап сабаған дейді, халықтың көтерілуі колхоз мәнін түсінбегендіктен алдап саясат жүргізілгендіктен көтерілген. Себебі колхоз бұл кірген адамдардың түгел заттарын тартып алған. Осы кезде сол жиынға қатысқан Құдайбаев Аллаберген мен оның әйелі күштеп кіргізген колхоздан шығаруды ұсынған. Өз малдарын көтерілген көтерілісшілер мал мүліктерін тартып қайта алған. Дәл осы уақытта аудан орталығынан шолақ белсенділер келіп айып тағып тұтқындап қудалаған. 1929–1930 жж. қазақтардың сыртқа көшу олардың өз республикасындағы саны мен үлесіне кері әсер етті. Соған қарамастан қазақтардың басым көпшілігі, үлесі саны азайып кетуіне қарамастан, өз отандарында өмір сүрді. Зерттеушілердің берген мәлімет деректеріне қарайтын болсақ 1929-1939 жж. аралығында Одақтас республика немесе басқа аймақтарда тұратын қазақтардың саны 868 мыңға дейін жетіп, үлесі 8,6 пайыздан 24,9 пайызға дейін өсті дейді мамандар, ал осы республикада тұратын 1300 мыңға жуық кемігендігін көрсете келіп одан 91 пайыздан 75,6 пайызға кеміп төмендеген [Тәтімов, 1993: 105]. Қазақстандағы қазақ халқының демографиялық жағдайларындағы көші- қон қарқынының өсуі қоғам дамуының ішкі заңдылықтарынан гөрі, объективті емес, валюнтаристік, кейде тіпті қылмысты шешімдерімен туындалып отырған. Бұл тарихи жағдайлар Ф.И. Голощекиннің республиканы басқарған жылдары Мәскеудің Қазақстанды шикізат базасына айналдыру саясатын орындау, қазақтарды үлкен қырғынға ұшыратудағы қылмыстық ролі ірі демографиялық дағдарысқа ұшырату болды. Бар мәліметтер бойынша босқын қазақтар жан-жаққа бытырай қашқан кезде, Қытай жағының осы жерде қоныс теуіп отырған моңғолдары да мал-дүниелерін тастап, беттері ауған жаққа безіп кеткен. Қызыл әскерлер Қытай жерінде қолдарына түскен малдар мен заттарды тартып олжаға айналдырған. 1932 жылы 2 желтоқсанда Хоргос постында 50 қазақ өлтірілген. Батыс Қытай өкіметі заңсыз өткен 300 босқындарды өлтірген [Жүсіп, 2015: 413]. Сталиндік-Голощекиндік күштеу саясатының нәтижесінде қазақ халқы ашық, бейбіт күнде миллион халқынан қырылды. Дәстүрлі шаруашылығынан айырылған байқұс бейкүнә халық күн көріп отырған малынан айырылды. Қазақтың ата бабасынан айналысып келе жатқан шаруашылығы мүлде құлдырағаннан кейін ет пен сүтінде көзден бұлбұлдай ұшты. Халық мүлде демографиялық апатқа ұшырады. Осы халықтың саны бойынша автор өз алдындағы ғалымдардың еңбек деректеріне сүйеніп мындайғып көрсетеді. Мың тоғыз жүз жиырма алты және мың тоғыз жүз отыз тоғызыншы жылдардағы халықтың өсіміне талдау көрсетеді. Осы кездегі халықтың саны 6,507,077 оның ішінде қазақтар 3,717,094 болған. Сонда келген өзге ұлттардың ел арасында өсіп ұлтымыздың жойылуына кедергі саясаттарының бірі екені анық көрініп тұр [Кучкин, 1962: 94]. Аштыққа ұшыраған қалалар мен кенттердегі және аймақтағы қазақтар көмек сұрағаны туралы да баяндайды. Олар қытай шекарасындағы тұрғылықты халыққа да зорлық зомбылық көрсеткен. Зерттеушілер тарихшы-демограф М. Асылбековтің деректерін өз еңбектерінде сипаттап мына мәліметтерді ұсынған. КСРО халқының саны әртүрлі беріледі: 1933 жылы 168 млн, 1937 жылы 180 млн. мен 162 млн. адам. Бұл кеңестік санақтың құпиясы ашаршылық пен жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының санын әлем жұртшылығынан жасырумен түсіндірілсе керек [Тәтімов, 1990: 124]. Осы мәселені зерттеп еңбектеріне түсірген зерттеушілер Қытайға шекара асып кететін кездегі қазақтарға мынадай талаптар қойылғандығы туралы былай деген. Қытайға кеткен орташалар мен кедейлер ауа көшердің алдында, барлық салықтармен төлемдерді, мемлекет төлеуді талап еткен міндеттемелерді түгелдей тапсырып құталды екен. Ғалымдар өз зерттеулерін жасау кезінде мынадай тұжырымдар жасап оны былай дейді. Күндердің күні болғанда туған жерге, ата-баба қонысына қайтып ораламыз, «арқа етіміз арша, борбай етеміз борша болып», жүдеп кетсек қайтқанда

қандай боламыз және өкімет ескі қарыздарымызды күнә етіп, бетімізге басып, айыпқа тартпаса деген ниетпен осылай жасаған дейді [Қойгелдиев, Омарбеков, 1993].

Тарихшы ғалымдардың соңғы жылдардағы зерттеулері көрсеткендей, қазақ халқы аса ауыр шығынға ұшырады. Ашаршылықтан және онымен байланысты туған эпидемиялардың салдарынан, сондай-ақ өлім-жітімнің көп болуы, халықтың басқа республикаларға, Қытайға, Иранға, Монғолияға т.б. елдерге ауа көшуі нәтижесінде Қазақстан бірнеше миллиондаған адамдарынан айырылды. Кезкелген халық өзінің өткен тарихи жолын танып, білуі тиіс. Себебі, өткен тарихын, бүгінге қалай жеткені, оның басынан кешкен небір қиындықтары мен ерлік істерін білмейінше, қазіргі күн мен болашақтың қадір-қасиетін біле бермейді.

Қазақ халқының саны көбейіп, адами әлеуеті әлдеқайда артуына қолдан жасалған қиянаттардың кедергі келтіргені хақ. Себебі қазақты отырықшылыққа бейімдеуге бағытталған ұжымдастыру саясатының да арғы астарында халқына көсем, ұлтына ұлық болатын зиялы қауым өкілдерін қынадай қыруды көздегені анықталуда.

1928–1933 жылдардағы қазақтардың жаппай шетелге босуы, босқындар тағдырының тарихи алғашқысы болып Қазақ тарихының төртінші томындағы зиялы қауымның қудалану туралы деректерге тоқталып өтерлік.

Берекелі мол тарихымен және дәстүрімен табиғи жолымен дамып келе жатқан қазақ деген ұлт қазіргі таңдағы тағдыры бүкіл әлемге белгілі болды. Осы қолымыздағы тәуелсіздігіміздің аясында біз қазір сол келмесе кеткен өкіметтің саясатын ашып еркін түрде көрсетіп отырмыз. Егерде кім біледі осы жағдайлар болмағанда қазақ ұлтым көрші Қытайданда көп халқы бар ұлт боларма едік. Бұл да біздің басымыздан өткен алтын тарихымызда жазылып қалды.

Сағат Жүсіптің «Ашаршылық ақиқаты: деректер мен дәйектер» атты еңбектерінде сол кездегі жағдайды жазып берген. Автор алдын ала әрекет жасайтын аудандар белгіленіп отырған дейді. Ол жаққа жіберілетін билік өкілдері, НКВД қызметкерлері, қосымша милиция отрядтары мен қызыл казактар белгіленіп қойылды. Малы мен астығын тартып алған соң, адамдарды күні бұрын белгіленген жерлерге жинап, олардан «ұжымдасқан киіз үйлер қалашығын» құрды. Тағы да мәлімет беруші Талдықорған қаласына Қытайдан қайтып оралған отандасымыз Қиса Маулет деген азамат ол жаққа кетуінің себебі осы дүрбелең уақыттардың кезінде кетіп, ол жақта өте қиын жағдайға душар болып және өзен, шөл даланы кешіп Ауғанстанға кетіп одан ол жақта түрмеге түсіп, қайтадан Қытайға келіп Тарбағатай арқылы елге 2000 жылдары оралып тыныштық тапқанын айтады. Кеңестік модернизацияның қазақтар үшін қайғылы зардаптары, жаппай көші-қон үрдісіне әкеп соқты. Синьцзяндағы этносаяси толғаныс және кеңестік саясаттың кіруі, 1949 жылға байланысты Кеңес-Қытай шекарасында қатал шаралар арқылы «тәртіп орнату» нәтижесінде, Қытай билігіне коммунистік элементтердің келуіне мүмкіндік туғызды. Осы оқиға шекарадағы ауыр кезеңді қисынды бітірді және көшпелі халықты кеңестік немесе қытайлық даму моделі сияқты геосаяси таңдауды алдына қойды [Ашаршылық құрбандары, 2025]. Осы талаптарға сай біз өз зерттеулерімізде 1920–1930 жылдары шетелге кеткен отандастарымыздың босқын болып 2000 жылдары елге келгендерден сауалнама алып жұмыс жүргізген едік. Сонымен зерттеуіміз Алматы облысының аудандарымен Талдықорған қаласында жүргізілді. Қытай Халық Республикасынан оралушы қазақтар 1955 жылы Талдықорған Қызыл ағаш, Қапал өңіріне 23 жанұя оралған. Олардың 10 Сағабүйен, Суықсай ауылдарына орналастырылды [Ашаршылық құрбандары, 2025]. Сондай-ақ 113 адам тағыда Алматы облысына қабылданды. Олардың көпшілік бөлігі Алматы облысының Іле, Шелек және Ұйғыр аудандарына бөлінді. Оның себебін туыстарының бар екендігімен және бау-бақша ісімен айналысуға қолайлығымен түсіндірген [Турлыгул, 2007: 137]. Сонымен мұрағат құжаттарына сөз берсек, Қытайдан оралушы қандастарымыз туралы мәліметтер ендігі кезекте Белоруссия, Украина, Молдавия сияқты көршілес Одақтас республикалардан Қазақстанға келуші маман-переселендер тізімдерінде қосымша көрсетілген. Кейінгі жылдарда оралушылардың көпшілік бөлігі Алматы облыстарының аудандарына орналасқан. 1959 жылы 20 тамызбен 15 қыркүйек аралығында өткен санақ бойынша Алматы облысының колхоздары мен совхоздарына 6,338 жанұя келсе, оның 4,933 Қытай Халық Республикасынан келген [Ашаршылық құрбандары, 2025]. Талдықорған қаласының Ынтымақ ауылына келіп қоныстанған отандасымыз Құмарбек мырзаның әкесі Милетхан келіп қоныстанып оның әкесінің Моңғолияға кетуінің себебі қудалауға түсіп тарбағатай арқылы сол жақта өмір сүргені туралы есінде бар естеліктермен бөлісті. 1932–1933жылдары өткен екен шекарада ауып бара жатқанда қазақтарды шеп құрып атып пулеметпен қырған дейді [Нурбетова, 2003: 55]. Ғалымдар Талдықорған аймағындағы шекараға жақын жатқан аудандардағы қанды қырғындар туралы

төмендегідей көп мәліметтер келтіреді: тәркілеу ұжымдастыру, азамат соғысы жылдарында қазақтардың Қытай шекарасынан өтуі туралы келтірілген. Шекараны амалсыздан бұзып өтті дейді қазақтарды ғалым. Қытайға өтіп қайта оралуы туралы автор себептерінде келтіріп көрсетеді. Бірінші себебін Қытай жағынан жеткілікті қамқорлықтың болмауы дейді. Екінші жағынан қытай өкіметінің КСРО мен енді басталған татулық саясатын қолдауы деп көрсетілді.

1930 жылы шекарашылармен қазақтар арасында жиырма бес қақтығыс болған. Осы кезде КСРО-ға 1093 адам, ал КСРО-қытайға 2538 адам өткен. Жақсы қаруланған шекара әскерлері әрқаз босқындардан басым түсіп отырған. Осындай қақтығыстарда босқын қазақтардың 734-і жан тапсырып, 38-і жараланған. Автор Лепсі аймағында болған жағдайды былай түсіндіреді. Күзет кезінде шекарада кетіп бара жатқан екі қазақтың ұсталғанын, нәтижесінде қашуға әрекет жасағанда өлтірілді делінген.

Қапал өңіріндегі Баласаз ауылында күзетші үш жылқы ұрлаған төрт қазақты көріп, ұстап заставаға ұстап қамаған. Ғалымның мәліметі бойынша 1930 жылы Қазақстаннан Қытайға жеті жүз семья көшіп келген. Осы келтірілген деректе ішінде жиырма пайызы байлар деп мәлімет берген. Бұлардың арғы жаққа өту кезінде болған жағдаяттарды зерттей келе, тарихшы ғалым алғаш кезінде байлар жеке-жеке қашып өтсе, ал кейіннен олар бірігіп, жүздей адам болып көп өткен. Орыс патшалығы Қытай жағынан барып, ауа көшушілердің өтініштері мен ұсыныстарын орындап жүрген қарулы бандылардың бар екендігін растап отырған. Консул Колосовтың қазақтардың рулық туыстық қатынастарынан хабары жоқ болғандықтан, ары бері оққа қарсы тұрып жүргендерді бандылар деп қабылдаған. Қытайға қашып өтіп жатқандар әр түрлі ұсақ соқпақтармен қашып, жасырынып та қашқан [Омарбеков, 1997: 200].

Қиыншылық кезінде көзімен көріп, басынан өткізген тағы да бір куәгер Тоқтыбай Оспанжан. Ақсақалдың әке-шешесі Қорғас елді мекенінде тұрған екен, ал әжеміз Тоқтыбаева Насирхан Асанқызының әке-шешесі Райымбек ауданы Текес ауылында дүниеге келген. Қазіргі Кербұлақ ауданы Шаған ауылы Мақатаева №30 үйде тұрады.

Әже мен атамыз өздерінің Қытай еліне кетуінің себептерін тізбектеп мәлімет беруге тырысты. Әжеміз Насирхан Асанқызы өте ауқатты байдың қызы болғанын, шыққан тектілігінің асыл болғанын да суреттеп берді. Ақсақал екі ағайынды болған, яғни бір Құлымхан есімді қарындасы бар. Оспан ақсақалдың қарындасы әлі күнге дейін осы Қытай елінде тұрып жатқаны туралы мәлімет берген. Әжеміз қиын қыстау кезінде және Қазақстанмен Қытай арасындағы территорияларды қайта бөлісу кезінде арғы бетте қалып және Орталық партия қызметкерлерінің байлардың мал-мүлкін тартып алу кезінде асыра сілтеп, қудалау болғанын суреттеген. Осы кезде ақсақал қытай үкіметінде абақтыға жабылып, кейін түрмеден қашып шығып 1962 жылы сегізінші наурызда елге келгені туралы ақпарат берген. Елге келген кезде Талдықорған облысы Гвардия ауданы Халмагоровка ауылына орныққанын айтқан. Оспанжан ақсақал өздерін керей елінің қызай керей руынан тарайтынын айтқан [Қалшабаева, 2010: 17].

Қытай мемлекеті көшіп барған қазақтар мен бұрыннан сол жерде қоныстанып қалған қазақтарға алғашқы кезде ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығын кооперативтендіру және малшыларды отырықшыландыру бағдарламасы бойынша біртіндеп жүзеге асырылды. Осының барысында қытайшыл мемлекет шаруаларға қаржылай және техникалық қолдау көрсетіп, қарапайым халықтардың жағдайын біршама жақсартқан болатын.

Қытай үкіметі мал шаруашылықпен айналысатын аудандарда тұратын байлардың мал-мүлкі тәркіленбейтінін, байлар жазаға тартылмайтындығын, әркімнің өз қонысы, өз өрісі өзінде болады деп уақытша ауқаттану саясатын жүргізген болатын.

Алайда біршама уақыт өткен соң берген уәделерінен жалтарып, 7–8 жыл ішінде қазақ елін иландырып, өзіне ұйытып алған қытай үкіметі ендігі кезде жаңаша мінез байқатқан. Енді кооператив құрамыз, барлық адам қолындағы мал-мүлкін ортаға салу керек дегенді ашық жариялайды. Қарсы шығып өз тілек-талаптарын алдыға шығарып қойайын десе аз болғандықтан қорқып көнудің кейпімен жүре берген.

Алматы облысы, Ақсу ауданын, Жаңалық ауылының тұрғыны Қызыр ақсақалдан қайтыс болуына дейін ашаршылық туралы естеліктерін жазып алған ұлы Қабылахат ағамыздың айтқанын сол қалпында келтіруді жөн көрдік. Әкесі Қытайға кәмпескелеу кезінде қашып кеткен. «Басқан өзені мұз болып қатқан. Аштықтың зардабынан өлгендерді шанаға салып, ауылға әкеп тастап кететін. Адамдар бірін етін бірі жеген кез болды. Қытайға Суықсай, Қапал, Текелі таулары арқылы жеттік. Сол жол үстінде өліп жатқан адамдарды көрдік, кейбірі шамасы келгендер өліктердің бетін таспен

жасырған болды. Көздері жәудіреп, жүруге шамалары келмей қалғандар қаншама. Өліп жатқан адамдардың еркегі кім, әйелі кім екені белгісіз. Сөйтіп әлі жеткендер шет жақтарға, аудан-қалаларға, біз құсап Қытайға көшіп жатты. Қашып жүріп қораларда ұйықтап, кейде далада да қонып қалатын күндеріміз болған. Ұры-қары да көбейіп кеткен. Ыстық тамақ, нан дегенді ұмыттық. Жолда азықтары таусылып, ит-құс жеп кеткен аңдардың қалдығын теріп, соны ұсақтап шауып, сорпа қайнатып, бала-шағаға берген кездер де болды. Барар жерлеріне бір күн қалғанда ішер тамақ болмай рауғаш шөбін жинап, соны қайнатып ішкенбіз. Мүмкін тұздың жоқтығынан болар, бәрінің дерлік іштері өткен. Тіпті әбден қауқары кеткен олар жүруге әлі келмей титықтаған бір қарт кісіні талдың көлеңкесіне отырғызып кеттік. Міне осылай Қытай еліне жеткенде ол жақта, біздегідей сұмдықтың болмағанын көріп таң қалғандық», – деп айтып кеткен. Бірақ сол жақта да көп қиындықтар көріп, кейін 1960 жылдары елге қайтып оралған [Айымбетов, 1998: 250].

Алматы қаласы Қалкаман ықшам ауданының тұрғыны Аттимбекова Балбубиш әжей күйеуі Ашимбеков Худайберген атаның босқындық тағдыры туралы баяндап берді. Ұжыдастыру кезінде Құдайберген атаның әкесі бай кісі болыпты, үйір-үйір жылқысын, малын-жанын жинап Қытайға көшкен екен. Ауылдағы ағайын, бауырларымен жол жүріп көп қиындықтарды басынан өткізіп, шекараны асып, ұсталып қалмау үшін түнде жүріп, күндіз жасырынған. «Кеңес әскері байқап қалып көшке қарсы оқ жаудырғанда, оқ тигендер өліп далада қала берген екен», – деп анасының аузына естігенін айтып отыратын дейді. Көш Шәуешекке келіп жетіп қоныстанған. Сол жақта балалы болған. Баласының есімін Құдайберген деп қойған. Көп ұзамай Құдайберген атаның әкесін қытайлар өлтіріп, малының бәрін тартып алған. Шешесі жастайынан жесір қалып, қиын заманда жанын бағу үшін тұрмыс құрады. Жас баланы нағашылары өсіріп, бала 5–6 жасқа келгенде нағашыларының үйінде бала мал баққан, ауыр жұмыстарға жегілген. Сол кездегі ауыр өмірі туралы ата былай есіне алады екен: «Таңның атысынан, күннің батысына дейін жалданып жұмыс жасап ақысына бір кесе күріш алатынмын. Ер жеткен кезімде атамекенге кетуді көп ойладым. Елге бірнеше рет қашып, ұсталып қайтадан Қытайға қайтарылдым». Тек 1955 жылы үшінші рет қашқан кезде Құдайберген атаға Қытайдан кетуге рұқсат берген екен. Қырғыстанға келіп жұмыс жасап, отбасын құрып 1990 жылдары Қазақстанға келіпті. Ресей патшалығының 1916 жылы Қазақ елінен жұмысшы және әскер алуға қабылдаған жарлығы қазақтарға үлкен қайғы әкелгендіктен халық оған наразылық көрсетіп, бас көтерді. Басқыншы, басымшылыққа төзе алмаған қазақтар атамекендерін тастап шет елге ауа бастайды. Олардың көпшілігі жастар еді. Баян-өлгей қазақтары әрбір жылдары, Шығыс Қазақстан, Ресейдің Қос-ағаш, Шығыс Түркістаннан келген ағайындармен толығып отырды. Мәселен, 1916, 1920, 1932 жылдарғы нәубет салдарынан Қазақстаннан көптеген отбасылары келді. Ел-жұртынан айырылған қалың ел, жаңа жерге үйреніп еңсесін көтеріп, есін жиғанға дейінгі ұзақ жылдарды тағы да көшумен өткізді. Қазақтардың Қытайдан Қобдаға өтіп көшуінің бір себебі Қытайдың ішкі саяси жағдайының ауырлауына байланысты болды. Ал көрші республикаларға, Ресейге қоныс аударып, орнығып қалғандар саны 450 мыңдай болған деседі.

1928 жылы Бүкіл одақтық Атқару комитетінің мәліметі бойынша Қазақстанда 25 қалалық мекендер болды. Осы жылы қалалықтардың саны табиғи өсімімен 10,7 мыңға, көшіп келгендермен 23 мыңға, жаңадан қалыптасқан қала тұрғындары арқылы 5 мың адамға көбейген. Мысалы, қала халқының 80% орыстар болса қазақтар 10% құраған. Тәркілеу науқаны қарсаңында көптеген қазақтарға артық мал жазып жіберген, мысалы, Үсенов Әзікен мен ұлына 200 бас қой артық жазылған. Бұл қазақтардың Қытайға көшуінің бірінші себебі болып табылады. Екінші себеп – кеңес билігі орнағанға дейін туыстарынан, әке-шешелерінен бөлініп шыққан отбасыларға «Сендер үкіметке салық төлеуден жалтарып, салықты аз төлеу үшін, мүліктеріңді бөлісіп әдейі жеке шықтыңдар» деп протокол толтырып, істерін сотқа берген. Кеңес билігі тарапынан болған мұндай қыспақ қазақтардың шекара асып, жаппай Қытайға өтуінің екінші себебі болды» [Омарбеков, 2018: 110–111].

Осы уақыттары қазақтардың жағдайы күрт төмендеп, демографиялық апат алдында тұрды. Осы тұрғыда ғалымдардың келтірген мынандай мәлімдемелерін келтіруге болады. 1928–1929 жж. қазақ шаруларына салық салып, олардың қолындағы малдарын тартып алып, бала шағасымен аш қалып қырылған жағдайлар болып жатты. Осы кезде шаруа Аманқұлұлы мен Меліс Кобрайұлы осындай жағдайлардан кейін Қытай еліне қашып кеткен. Алматы аймағы бойынша кеңестік қызыл армия комитеті қазақтардың ауқатты адамдарының қымбат мүліктерін кәмпескелеп, кеңес жұмысшыларына ортақ дүние деп тартып алып отырған.

XX ғасырдың 20–30 жылдары шетелдегі қазақ диаспоралары да көші-қоннан көз ашқан жоқ. Бұл, ең алдымен Қытай жеріндегі саяси оқиғаларға байланысты еді. Қытай еліндегі тұрақсыз саяси

жағдайлар сол ел аумағында тұратын қазақтардың кейінгі тағдырына тікелей әсер етті. Ұрпағын, ұлтын сақтап қалу мақсатында қазақтардың бір бөлігі Алтай асып, Монғолия жеріне барып қоныс тепті. Ал енді бір бөлігі Қытай билігімен шайқаса отырып Тибет, Такламакан арқылы Үндістан, Пәкістан жеріне барып қоныс тебеді. Олардың саны 10 мың маңайында еді. Көбі жол азабын көрді, жол бойы ұры-қарымен алысып, нәтижесінде сол адамдардың жартысына жуығы қырылды. «1930 жылы көшіп кету қозғалысымен 34977 қожалық қамтылды. Ал 1931 жылы толық емес мәліметтер бойынша 45000 шарушылық көше бастады» [ҚР ПА, 141-к, 1-т, 5192-іс, 1-п.].

Қаражат халық комиссариатының Өлкелік партия комитетіне берген 1931 жылғы 5 тамызға дейінгі мәліметінде босқындардың қайда көшіп кеткені нақты көрсетілген. Соның ішінде, қарастырылып отырған Қытайға 563 босқын қожалықтары 893074 мал басымен кеткен. Қазақстан үкіметінің 1933 жылы Мәскеуге берген осы мәселеге байланысты ресми есебінде мынадай жолдар бар: «1931–1933 жылдардағы салық есептері мәліметтеріне қарағанда, Қазақстан бойынша қожалықтардың жалпы саны 490 мыңға, ал село халқының саны 2,6 млн адамға кеміді. Оның үстіне Қазақстанда қалған қазақтар қожалықтарының аса үлкен бөлігі өздерінің бұрынғы мекендерінен ауа көшті» – делінген [Омарбеков, 1997: 258].

Қорытынды. Жетісу аймағынан ұжымдастыруға қарсылық Қытайға қоныс аудару арқылы білдірілді. Ұжымдастыру қозғалысы Кеңес Одағының барлық өңірлерін экономикалық және гуманитарлық апатқа ұшыратса да, дәл Кеңестік Қазақстандағыдай ауыр күйзеліс ешбір жерде болған емес. Сол кездегі республикадағы жүргізілген солақай саясаттың кесірінен қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық жағдайының өзгерістерге ұшырағанын байқауға болады. Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ шаруаларын қысқа мерзімде жедел түрде жаппай жоспарлы отырықшыландыру жұмысы сәтсіздікке ұшырады. Дәстүрлі шаруашылық заңын ескермей жасаған жоспардың орындалмағанын айтқанда, ол қазақ халқының ата-қоныстарынан ауа көшулерін үдетіп, оларды сергелденге салып, босқыншылыққа ұшыратты.

XX ғасырдың 30-жылдарында көршілес Қытайға халықтың қоныс аударуының салдары, бүгінге күнге дейін отандастарымыздың тарихи тағдырына өзінің белгісін қалдырып кетті.

Жалпы Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс өңірлерінен қазіргі Орталық Азияның барлық мемлекеттеріне көшу үрдісі 1930 жылдың көктемінен басталды. 1930 жыл мен 1931 жылдың тамыз айына дейін Қазақстанның 27 ауданынан Орта Азия елдеріне 15,960 қазақ шаруа қожалықтары қоныс аударған.

Қазақтар Иранға, Ауғанстанға, Түркияға, тіпті Батыс Еуропа мен АҚШ-қа да таралды. Қазіргі уақытта осы қазақтар бір кездері осы елдерге Қытайдан, Монғолиядан, Өзбекстаннан және Ресейдің әр түрлі аймақтарына көшіп барып, өздерінің тарихи тағдырларына қалай мойынсұнып, сонда тұрақтап өмір сүруі қазіргі кезде өзекті мәселе болып отыр.

Кез-келген халық өзінің өткен тарихи жолын танып, білуі тиіс. Себебі, жас ұрпақ өткен тарихын, бүгінге қалай жеткені, оның басынан кешкен небір қиындықтары мен ерлік істерін білмейінше, қазіргі күн мен болашақтың қадір-қасиетін біле бермейді.

Қолданылып отырған деректерден байқайтын болсақ, XX ғасырдың алғашқы ширегін қамтыған осы мәселелердің өзектілігін аңғаруға болады. Осыған байланысты зерттеу жұмысымызда арнайы зерттеулер мен информаторлардың берген материалдарына сүйеніп, далалық материалдарды кеңінен пайдалануға тырыстық. Себебі, осы кезде болған күрделі жағдай қазақ ұлтының санының күрт төмендеуіне әкелген болатын. Қазақстан тарихы ғылымы үшін бұл жағдай ешқашан өзектілігін жоймауы тиіс. Сондықтан кейбір деректер әлі де болса арнайы зерттеулерді қажет етеді. Соның негізінде осы мәселе бойынша арнайы зерттеу жүргізген зерттеушілердің ой-пікірлері мен тұжырымдарын жан-жақты пайдалануға тырыстық.

Дереккөздер

ҚР ПА – Қазақстан Республикасының Президент Архиві

Әдебиеттер

Айымбетов, 1998 – *Айымбетов С.* 1929–1933 жж. аралығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрлымындағы өзгерістер. Алматы: Қазақ Мем.Қыз.ПИ, , 1998. 250 б.

Алтай, 1995 – *Алтай Х.* Ата жұрттан Андолыға дейін. Алматы: Өлке, 1995. 120 б.

- Аргынбаев, 1992 – *Аргынбаев Ә.* Қазақ диаспорасының тарихы мен мәселелері // Ақиқат. 1992. № 9. 31–37 б.
- Ашаршылық құрбандары, 2017 – *Ашаршылық құрбандары*: Есімнамалық мәліметтер базасы. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/340>.
- Есмағамбетов, 1994 – *Есмағамбетов К.* Қазақстан шетел әдебиетінде. Алматы: Атамұра, 1994. 240 б.
- Жаманбаева, 2011 – *Жаманбаева Л.Қ.* Кеңестік күштеу саясатының зерттелуінің кейбір мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2011. № 4. 42–46–бб.
- Жүсіп, 2015 – *Жүсіп С.* Ашаршылық ақиқаты: деректер мен дәйектер. Алматы: Курсив, 2015. 593 б.
- Камерон, 2018 – *Сара Камерон.* Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және Кеңестік Қазақстанды орнату. (Ағылшын тілінен аударған Сәуле Батаева, Зәуре Батаева). Cornell University. 2018. 303 б.
- Кучкин, 1962 – *Кучкин А.П.* Советизация казахского аула, 1926–1929гг. Москва: Изд-во АН СССР, 1962. 430 с.
- Қазақстандағы ХХ ғасырдың..., 2021 – *Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері* / «Голод начала 30-х гг. XX века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. А.И. Құдайбергенова, М.М. Қозыбаева, Р.Ж. Байдалы. Алматы: Литера-М, 2021. 222 б.
- Қалшабаева, 2010 – *Қалшабаева Б.К.* Орта Азия қазақтары: Тарих ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. автореферат. Алматы, 2010. 28 б.
- Қинаятұлы, 1995 – *Қинаятұлы З.* Жылаған жылдар шежіресі. Алматы: Мерей. 1995. 298 б.
- Қозыбаев, 1992 – *Қозыбаев М.* Ақтандақтар ақиқаты. Алматы: Қазақ университеті, 1992. 272 б.
- Қойгелдиев, 1997 – *Қойгелдиев М.* Мұстафа Шоқай және тұтас Түркістан идеясы. Алматы: Қазақ университеті, 1997. 220 б.
- Қойгелдиев, Омарбеков, 1993 – *Қойгелдиев М., Омарбеков Т.* Тарих тағылымы не дейді? Алматы: Ана тілі, 1993. 208 б.
- Махат, 2006 – *Махат Д.* Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы. Астана: Елорда, 2006. 208 б.
- Мендикулова, 1999 – *Мендикулова Г.М.* Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. Алматы: Ғылым, 1999. 237 с.
- Нурбетова, 2003 – *Нурбетова Г.А.* История «красного террора» в Казахстане (20–30 годы XX века). Алматы: Каз. нац. пед. ун-т им. Абая, 2003. 120 с.
- Омарбеков, 1997 – *Омарбеков Т.* 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: Көмекші оқу құралы. Алматы: Санат, 1997. 320 б.
- Омарбеков, 2018 – *Омарбеков Т.* 1929–1931 жылдардағы халық көтерілістері. Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. 480 б.
- Сәмитұлы, 1995 – *Сәмитұлы Ж.* Алтайда неше Оспан болған? // Қазақ тарихы. 1995. № 5. 46–49–бб.
- Смағұлова, 2024 – *Смағұлова С.* Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2024. 253 б.
- Тәтімов, 1990 – *Тәтімов М.* Ауылдағы демографиялық ахуал. Алматы: Қайнар, 1990. 240 б.
- Тәтімов, 1993 – *Тәтімов М.* Қазақ әлемі. Қазақтың саны қанша? Алматы: Атамұра, 1993. 157 б.
- Турлыгул, 2007 – *Турлыгул Т.* История Казахстана. Алматы: «Мектеп», 2007. 176 б.
- Турсынбаев, 1957 – *Турсынбаев А.Б.* Коллективизация сельского хозяйства в Казахстане. М.: Казгосиздат, 1957. 577 с.

Sources

AP RK – Qazaqstan Respublikasynyn Prezident arhivi [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]

References

Ajymbetov, 1998 – *Ajymbetov S.* 1929–1933 zhzh. aralygyndagy Kazakstan halkynyng etnodemografiyalyk zhane aleumettik qurlymyndagy ozgerister [Changes in the ethnodemographic and

- social structure of the people of Kazakhstan in 1929–1933]. Almaty: Kazak Mem.Kyz.PI, 1998. 250 p. [In Kaz].
- Altai, 1995 – *Altai X. Ata Zhurttan Anadolyga dein* [From the ancestors to Andoly]. Almaty: Olke Publ., 1995. 120 p. [In Kaz].
- Argynbayev, 1992 – Argynbayev Kh. Kazakh diasporasyn tarikhy men maseleri [History and problems of the Kazakh diaspora] // Akikat. 1992. № 9. Pp. 31–37. [In Kaz].
- Asharshylyk kurbandary, 2017 – *Asharshylyk kurbandary* [Famine victims]: Esimnamalyk malimetter bazasy. Electronic resource. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/340>. [In Kaz].
- Esmagambetov, 1994 – *Esmagambetov K.* Kazakhstan shetel adebietinde [Kazakhstan in foreign literature]. Almaty: Atamura, 1994. 240 p. [In Kaz].
- Zhamanbayeva, 2011 – *Zhamanbayeva L.K.* Kenestik kushteu sayasatyn zertteluin keybir maseleri [Some issues in the study of Soviet coercive policy] // KazUU khabarshysy. 2011. No. 4. Pp. 42–46. [In Kaz].
- Zhusip, 2015 – *Zhusin S.* Asharshylyk akikaty: derekter men daiekter [The truth about famine: facts and figures]. Almaty: Kursiv, 2015. 593 p. [In Kaz].
- Cameron, 2018 – *Sara Cameron.* Ashtyk jailagan Dala [The hungry steppe]. Asharshylyk, ozbyrlyk zhane kenestik Kazakstandy ornatu. (Agylshyn tilinen audargan saule Batayeva, Zauze Batayeva). Universitatis Cornell. 2018. 303 p. [In Kaz].
- Kuchkin, 1962 – *Kuchkin A.P.* Sovetizaciya kazahskogo aula, 1926–1929gg [Sovietization of the Kazakh village, 1926–1929]. Moskva: Izd-vo AN SSSR, 1962. 430 p. [in Russian].
- Kazakstandagy XX gasyrdyn..., 2021 – *Kazakstandagy XX gasyrdyn 30-shyj. basyndagy asharshylyk zhane kazaktardyn korshiles aumaktarga manzhburli koshi-kony: zertteu maseleri* [30s of the 20th century in Kazakhstan. Famine and forced migration of Kazakhs to neighboring territories: research issues] / conf. mat. zhin.: Kurast. Kudaibergenova A.I., Kozybaev M.M., Baidaly R. Almaty: Litera-M, 2021. 222 p. [In Kaz].
- Kalshabayeva, 2010 – *Kalshabayeva B.K.* Orta Asia kazaktary [Kazakhs of Central Asia]: Tarikh gylymdaryn doctory darezhesin alu ushin dayindalgan disss. Almaty, 2010. 28 p. [In Kaz].
- Kinayatuli, 1995 – *Kinayatuli Z.* Zhyllagan zhyldar shezhiresi [The Chronicles of the Crying Years]. Almaty: Meri, 1995. 298 p.
- Kozybayev, 1992 – *Kozybaev M.* Akhtadaktar akikaty [The truth about white people]. Almaty: "Kazak Universiteti", 1992. 272 p. [In Kaz].
- Koigeldiev, 1997 – *Koigeldiev M.K.* Mustafa Shokai zhane tutas turik ideasy [Mustafa Shokai and the idea of a unified Turkestan]. Almaty: Kazakh Universiteti, 1997. 220 p. [In Kaz].
- Koigeldiev, Omarbekov, 1993 – *Koigeldiev M., Omarbekov T.* Tarih tagylymy ne dejdi? [What does history teach?] Almaty: Ana tili, 1993. 208 p. [In Kaz].
- Mahat, 2006 – *Mahat D.* Kazakstandagy totalitarizm zhane sayasi kugyn-surgin tarikhy [Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы]. Astana: Yelorda, 2006. 208 p. [In Kaz].
- Mendikulova, 1999 – *Mendikulova G.M.* Istoricheskie sud'by kazahskoj diaspory. Proiskhozhdenie i razvitie [The historical fate of the Kazakh diaspora. Origin and development.]. Almaty: Gylym, 1999. 237 p. [In Kaz].
- Nurbetova, 2003 – *Nurbetova G. A.* Istoriya «krasnogo terrora» v Kazahstane (20–30 gody XX veka) [The History of the Red Terror in Kazakhstan]. Almaty: Kaz. Institutum Paedagogicum Nationale. Abai Universitatis, 2003. 120 p. [In Kaz].
- Omarbekov, 1997 – *Omarbekov T.* 20-30 zhyldardagi Kazakhstan kasireti [The suffering of Kazakhstan in the 1920s and 1930s]: komekshi oku kuraly. Almaty: Sanat, 1997. 320 p. [In Kaz].
- Omarbekov, 2018 – *Omarbekov T.* In 1929-1931 zhyldardagi halyk koterilistery [The popular uprisings of 1929–1931]. Almaty: Arys Publishing, 2018. 480 p. [In Kaz].
- Samituli, 1995 – *Samituli Zh.* Altajda neshe Ospan bolgan [How many Ospanns were there in Altai?]? *Kazakh tarikhs.* 1995. No. 5. Pp. 46–49. [In Kaz].
- Smagulova, 2024 – *Smagulova S.* Zulmat zhyldar zardaby: 1931-1933 zh. [The aftermath of the Dark Years: 1931–1933]. Astana: L.N. Gumilev atyndagi ENU baspasy, 2024. 253 p. [In Kaz].
- Tatimov, 1990 – *Tatimov M.* Auyldagy demografiyalyk ahual [Demographic situation in the village]. Almaty: Kajnar, 1990. 240 p.
- Tatimov, 1993 – *Tatimov M.* Kazak alemi. Kazaktyn sany kansha? [Kazakh world. How many Kazakhs are there?] Almaty: Atamura, 1993. 157 p. [In Kaz].
- Turlygul, 2007 – *Turlygul T.* Istoria Kazakhstana [History of Kazakhstan]. Almaty: "Mektep", 2007. 176 p. [In Kaz].
- Tursynbaev, 1957 – *Tursynbaev A.B.* Kollektivizaciya sel'skogo hozyajstva v Kazahstane [Collectivization of agriculture in Kazakhstan]. M.: Kazgosizdat, 1957. 577 p. [In Kaz].

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
 ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2

| | |
|--|-----|
| Мамытова С.Н. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ..... | 429 |
| Ахметжан К.С. ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН..... | 447 |
| Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш. «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ..... | 473 |
| Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B. THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION..... | 488 |
| Toraigyrov Ye.M. TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES..... | 502 |
| Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х. УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ..... | 516 |
| Әуелбеков М.Б., Бахар Х. XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ..... | 533 |
| Черниенко Д.А. ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ..... | 548 |
| Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z. SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY | 564 |
| Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ Өңірінен Қытайға босқыншылығы (XX ғ. 30 жж.)..... | 576 |
| Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х. О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ..... | 590 |

| | |
|---|-----|
| Сулейменова А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ..... | 602 |
| Молотова Г.М. ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ)..... | 619 |
| Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С. ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ..... | 629 |
| Алимбай Н. ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ)..... | 642 |
| Бахтыбаев М.М., Қожя М.Б., Сиздиқов Б.С. ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА..... | 695 |
| Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ)..... | 713 |
| Шашаева М.А. ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ..... | 724 |
| Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ..... | 735 |
| Есен С.Ғ. МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ..... | 755 |
| Жетібаев К.М., Қожя М.Б., Әлімбекұлы Ә. ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР..... | 764 |
| Муратбаева А.Б. ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ..... | 777 |

| | |
|--|-----|
| Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ..... | 787 |
| Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М. ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025)..... | 805 |
| Алибек С.Н., Қудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е. РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ)..... | 817 |
| Жүсіпов Р.Б., Нұрышева Г.К. 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ)..... | 833 |
| Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ..... | 851 |
| Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е. МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ..... | 866 |
| Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А. КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ. | 878 |
| Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б. ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ)..... | 890 |
| Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ..... | 915 |
| Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A. THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES..... | 926 |
| Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A. THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025)..... | 939 |



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
